

№2 хаттама (онлайн)

Хирургиялық пәндер бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің (ЖБТ) отырысы
Қала: Астана

Күні: 17 қазан 2025 жыл

Уақыты: 15:00

Төрағалық етті: хирургиялық пәндер бойынша ЖБТ төрайымы – Хамидуллина З.Г.

Қатысқандар: Хамидуллина З.Г. – «Астана медицина университеті» КЕАҚ №1 акушерия және гинекология кафедрасының меңгерушісі, хирургиялық пәндер бойынша ОӘБ төрайымы;

Мырзабекова А.Ж. – «Астана медицина университеті» КЕАҚ №1 акушерия және гинекология кафедрасының доценті, төраға орынбасары;

Фурсов А.Б. – профессор, «Астана медицина университеті» КЕАҚ №1 хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі, «Жалпы хирургия» комитетінің төрағасы;

Төребаев Д.К. – м.ғ.к., «Астана медицина университеті» КЕАҚ №2 хирургиялық аурулар кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Жалпы хирургия» комитеті төрағасының орынбасары;

Нұртазинова Г.С. – профессор, профессор Г.В.Цой атындағы хирургиялық аурулар кафедрасы, «Астана медицина университеті» КЕАҚ, «Жалпы хирургия» комитеті төрағасының хатшысы;

Шиканова С.Ю. – м.ғ.к., профессор, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КЕАҚ акушерия және гинекология кафедрасының меңгерушісі, «Акушерия және гинекология» комитетінің төрайымы;

Губашева Г.К. – м.ғ.к., «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КЕАҚ №2 акушерия және гинекология кафедрасының доценті, «Акушерия және гинекология» комитеті төрағасының орынбасары;

Қабдығалиева А.А. – «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КЕАҚ акушерия және гинекология кафедрасының ассистенті, «Акушерия және гинекология» комитетінің хатшысы.

Күн тәртібі:

1. «Акушерия және гинекология» және «Жалпы хирургия» мамандықтары бойынша профильдік интернатура түлектерінің оқу нәтижелерін (ОН) қарастыру және бекіту.

Баяндамашылар:

1. Фурсов А.Б. – профессор, «Астана медицина университеті» КЕАҚ №1 хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі, «Жалпы хирургия» комитетінің төрағасы;

2. Шиканова С.Ю. – м.ғ.к., профессор, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КЕАҚ акушерия және гинекология кафедрасының меңгерушісі, «Акушерия және гинекология» комитетінің төрайымы.

Шешім:

1. «Жалпы хирургия» және «Акушерия және гинекология» комитеттері өзгерістер енгізді (тізім қоса беріледі).

2. «Акушерия және гинекология» мамандығы бойынша ОӘБ ОН4 пен ОН9-ды біріктіруді ұсынады, нәтижесінде 9 оқу нәтижесі (ОН) қалады.

Алайда бейіндік резидентурада 6 оқу нәтижесі бар. Интернатурадағы оқу нәтижелерін резидентурадағы нәтижелермен сәйкестендіру мақсатында біріктіру арқылы олардың санын азайту мәселесін қарастыру ұсынылады.

Хирургиялық пәндер бойынша ЖБТ төрайымы:

Хамидуллина З.Г.

Хатшы:

Власенко Т.Б.

**«Акушерия және гинекология» мамандығы бойынша профильді интернатура
түлегінің оқу нәтижелері (ОН)**

№	Оқу нәтижесі	КК
ОН-1	Жүкті әйелдерді, босанушыларды, босанған әйелдерді және гинекологиялық науқастарды амбулаториялық қабылдау, диагностика, емдеу және динамикалық бақылауды, соның ішінде шұғыл көмек көрсетуді жүзеге асырады.	КК1, КК2
ОН-2	АХЖ-10 бойынша клиникалық диагнозды тұжырымдайды, зертханалық және аспаптық зерттеулерді тағайындайды, нәтижелерін цифрлық құралдар мен жасанды интеллект көмегімен интерпретациялайды.	КК1, КК2, КК6
ОН-3	Акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету кезінде қауіп-қатерлерді бағалайды және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, соның ішінде инфекциялық бақылау, дәрілік терапияның қауіпсіздігі мен сапа стандарттарын сақтайды.	КК4
ОН-4	Медициналық құжаттаманы жүргізеді, денсаулық сақтау электрондық базаларын (Damumed, eGov, Face ID, телемедицина) қолданады.	КК4, КК5
ОН-5	ҚР заңнамасы мен денсаулық сақтау стандарттары аясында әрекет етеді, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары мен базалық деңгейдегі стационарларда медициналық көмекті ұйымдастырады.	КК5
ОН-6	Дәлелді медицина әдістерін қолданады, ғылыми ақпаратты іздейді және клиникалық шешім қабылдау үшін сыни талдау жүргізеді.	КК6
ОН-7	Әйелдер арасында репродуктивті денсаулықты сақтау мақсатында профилактикалық, оңалту және санитарлық-ағартушылық шараларды ұйымдастырады.	КК5
ОН-8	Кәсіби жауапкершілікті көрсетеді, деонтология және биоэтика қағидаттарын сақтайды, пациентке бағытталған тәсілді қамтамасыз етеді.	КК3, КК7
ОН-9	Жеке және кәсіби дамуды жоспарлайды, оқыту мен тәлімгерлікке қатысады.	КК7

**«Хирургия» мамандығы бойынша профильді интернатура түлегінің оқу нәтижелері
(ОН)**

№	Оқу нәтижесі	КК
ОН-1	Клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, ем жоспарын тағайындайды және оны дәлелді тәжірибе негізінде барлық деңгейде тиімділігін бағалай алады.	КК1-7
ОН-2	Пациентпен, оның туыстарымен және медицина саласының мамандарымен тиімді қарым-қатынас орнатып, пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады.	КК1-7
ОН-3	Ауру қаупін бағалап, медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етудің ең тиімді әдістерін қолдана алады.	КК1-7
ОН-4	ҚР денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық негізінде өз мамандығы бойынша әрекет етеді, төтенше жағдайларда шұғыл көмек көрсете алады, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін көпсалалы командалар құрамында жұмыс істей алады.	КК1-7
ОН-5	Зерттеу сұрақтарын тұжырымдайды, кәсіби әдебиетті сыни тұрғыда талдайды, ҚР медициналық ақпараттық жүйелерін тиімді пайдаланады, медициналық құжаттаманы жүргізеді, халықаралық деректер базасымен жұмыс істейді және зерттеу тобының жұмысына қатысады.	КК1-7
ОН-6	Өзін-өзі және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқыта алады, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби даму нысандарына белсенді қатысады.	КК1-7
ОН-7	Науқас тексеру нәтижелерін интерпретациялайды, емнің көрсеткіштерін анықтайды, операция уақыты, көлемі, түрі, кезеңдері мен асқынулардың алдын алу мен оңалтуды біледі. Эндоскопиялық құрал-жабдықтарды меңгерген.	КК1-7
ОН-8	Хирургиялық емнің қауіптерін бағалайды, операциялық қауіптерді азайта алады, ең оңтайлы ем түрін таңдайды.	КК1-7